



Қазақстан Республикасы  
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы  
Тарих және этнология институты

# ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т. 29 (1)

ISSN 1814-6961  
E-ISSN 2788-9718



- ТАРИХ
- ЭТНОЛОГИЯ
- АРХЕОЛОГИЯ



ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т. 29 (1)

ISSN: 1814-6961 (print)  
ISSN: 2788-9718 (online)

**Отан тарихы**  
**Отечественная история**  
**History of the Homeland**

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал  
2026. Т. 29 (1)

---

тәуелсіз Қазақстандағы қайта бағалауларға дейін эволюция жасады, оның көсемдік рөлі мен трагедиялық тағдырын ашық талдауға жол ашты.

#### Дереккөздер

ҚР ОМА – Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архиві

СОМА – Семей облысының мемлекеттік архиві

#### Әдебиеттер

«20–50 жылдардағы Қазақстандағы...», 2023 – «20–50 жылдардағы Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін». 20 ғасыр және оңалту мәселелері. Алматы: «Литера-М», 2023. 1167 б.

Аңсат, 2020 – *Аңсат С.* Ұлт рухын түлеткен Темірбек Жүргенов. Қызылорда: Тұмар, 2020. 230 б.

Жалдыбаев, 2016 – *Жалдыбаев Ә.* Темірбек Жүргенов – Қазақстандағы тұңғыш озық мәдениет революциясының бас жасампазы, асқан дарынды, кеменгер мемлекет қайраткері. Ақтөбе: Қазақ-орыс Халықаралық ун-ті, 2016. 96 б.

Иманғалиев Б.С., 2013 – *Иманғалиев Б.С.* Шығармалары: әдеби-публицистикалық және ғылыми мұралары / құраст. Б. Иманғалиев. Алматы: Ел-шежіре, 2013. 574 б.

Исламбаева, 2015 – *Исламбаева З.У.* Терістік және шығыс өңірлеріндегі қазақ театрларының дамуы. Алматы: Тарих тағылымы, 2015. 247 б.

История Казахстана, 2010 – История Казахстана = Қазақстан тарихы: с древнейших времен до наших дней: в 5 т. Алматы: Атамұра, 2010. Т. 3. 768 с.

Қойшыбаев, 1990 – *Қойшыбаев Б.* Жазықсыз жапа шеккендер. Алматы: Қазақстан, 1990. 168 б.

Қойшыбаев, 2016 – *Қойшыбаев Б.О.* Түнектен оралған есімдер. 4-кітап: тұлға және тарих. Алматы: Рух БГ, 2016. 247 б.

Оразбақов, 2014 – Темірбек Жүргенов – мұрағат құжаттарында (құжаттар жинағы) / құраст.: А.Ж. Оразбақов. Астана: Фолиант, 2014. 156 б.

Сарсембин, 2018 – *Сарсембин У.К.* Қазақ интеллигенциясы мәдени феномен ретінде. Ақтөбе: «Жұбанов атындағы университет баспасы», 2018. 170 б.

Таңдамалы, 2001 – *Таңдамалы* = Избранное / Жауапты ред. Ф. Әнес, Е. Арын. Алматы: Арыс, 2001. 275 б.

Темірбек Жүргенов, 2018 – *Темірбек Жүргенов:* зерттеулер, мақалалар, естеліктер мен арнау, жыр-толғаулар / құраст.: А.Н. Алматов, Б.Б. Мырзабай. Астана: Сарыарқа, 2018. 579 б.

Узақбаева С., Садықова А., 2009 – *Узақбаева С., Садықова А.* Служение родному народу. Алматы: AVILIT, 2009. 235 с.

Утеғалиева, 2023 – *Утеғалиева А.* Темірбек Жүргенов: триумф и трагедия. Алматы: Smart University Press, 2023. 235 с.

Шахаев, Орынбекова, 2023 – *Шахаев А.Ж., Орынбекова Р.Ж.* 1920-1930 жылдардағы Қазақстандағы кеңестік саяси репрессиялар мәселелері // XX Ғ. 20-50 жылдарындағы Қазақстандағы жаппай қуғын-сүргін тарихы: жаңа мұрағат деректері және зерттеулер. 31-мамыр саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне арналған халықаралық ғыл.-тәжір. конф. материалдары. 2023. 64–70-бб.

#### Sources

KR OMA – Kazakstan Respublikasynyng Ortalyk Memlekettik arhivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]

SOMA – Semej oblysynyng memlekettik arhivi [State Archives of the Semey Region]

#### References

«20–50 zhyldardagy Kazakstandagy...», 2023 – «20–50 zhyldardagy Kazakstandagy sayasi qugyn-syrgin». 20 gasyr zhane ongaltu maseleleri ["Political repression in Kazakhstan in the 20-50s". 20th century and rehabilitation problems]. Almaty: «Litera-M», 2023. 1167 p. [in Kazakh]

Angsat, 2020 – *Angsat S.* Ult ruhyn tyletken Temirbek Zhyrgenov [Temirbek Zhurgenov, who raised the national spirit]. Kyzylorda: Tumar, 2020. 230 p. [in Kazakh]

Zhaldybaev, 2016 – *Zhaldybaev A.* Temirbek Zhyrgenov – Kazakstandagy tungysh ozyq madeniet revolyuciyasynyng bas zhasampazy, asqan daryndy, kemenger memleket kajratkeri [Temirbek Zhurgenov is the main creator of the first advanced cultural revolution in Kazakhstan, a talented, kemenger statesman]. Aktoobe: Kazak-orys Halykaralyk un-ti, 2016. 96 p. [in Kazakh]

Imangaliev B.S., 2013 – *Imangaliev B.S.* Shygarmalary: adebi-publicistikalyk zhane gylymi muralary [Works: literary, journalistic and scientific heritage] / kurast. B. Imangaliev. Almaty: El-shezhire, 2013. 574 p. [in Kazakh]

Islambaeva, 2015 – *Islambaeva Z.U.* Teristik zhane shyfys onirlerindegi kazak teatrlarynyng damuy [Development of Kazakh theaters in the north and eastern regions]. Almaty: Tarih tagylymy, 2015. 247 p. [in Kazakh]



Published in the Kazakhstan  
Otan tarikhly  
Has been issued as a journal  
since 1998  
ISSN: 1814-6961 (Print)  
ISSN: 2788-9718 (Online)  
2026. Vol. 29. Is. 1. Pp. 199–  
209  
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>



FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20; 03.81.33  
[https://doi.org/10.51943/2788-9718\\_2026\\_29\\_1\\_199-209](https://doi.org/10.51943/2788-9718_2026_29_1_199-209)

### «ИМПЕРАТОР ГУАНСЮЙ БИЛІГІ ТҰСЫНДАҒЫ СОЛТҰСТІК-БАТЫС ШЕКАРА ДЕЛИМИТАЦИЯЛЫҚ КАРТАСЫНЫҢ ҚЫТАЙША АУДАРМАСЫНДА» КӨРСЕТІЛГЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЫҒЫС ШЕКАРАСЫНА ҚАТЫСТЫ ТАРИХИ ТОПОНИМИКАЛАР

Жанымхан Ошан<sup>1</sup>, Нұрлан Кенжеахмет<sup>2</sup>, Марыс Қадылбек<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты  
(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)  
Тарих ғылымдарының кандидаты  
<https://orcid.org/0000-0002-5767-2794>. E-mail: [osanzanymhan@gmail.com](mailto:osanzanymhan@gmail.com)

<sup>2</sup> Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
(Алматы, 13-үй, Достық даңғылы, 050100 Алматы, Қазақстан Республикасы)  
Профессор, «Шығыс қолжазбалар мұрасы» Халықаралық деректану орталығының жетекшісі  
<https://orcid.org/0009-0004-7871-6153>. E-mail: [nrlnknjhmt721@gmail.com](mailto:nrlnknjhmt721@gmail.com)

<sup>3</sup>Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты  
(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)  
Кіші ғылыми қызметкер  
<https://orcid.org/0009-0009-5605-8387>. E-mail: [marshadylbek@gmail.com](mailto:marshadylbek@gmail.com)

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026  
© Ошан Ж., Кенжеахмет Н., Қадылбек М., 2026

**Аңдатпа.** *Kіріспе.* Мақалада Тайпей қаласындағы «Гугун» музейінің (故宫博物院) архивтік қорларында сақталған маңызды деректің бірі — «Император Гуансюй билігі тұсындағы Солтүстік-батыс шекара делимитациялық картасының қытайша аудармасы» («光緒勘定西北邊界俄文譯漢圖») деп аталатын картографиялық материалдағы Қазақстанның шығыс шекарасына қатысты тарихи топонимикалар анықталды. *мақсаты мен міндеттері.* «Император Гуансюй билігі тұсындағы Солтүстік-батыс шекара делимитациялық картасының қытайша аудармасы» («光緒勘定西北邊界俄文譯漢圖») деп аталатын картографиялық материалдағы Қазақстанның шығыс шекарасына қатысты тарихи топонимикаларды анықтау. Олардың қытайша транскрипциядағы нұсқаларын салыстыра талдау және карта деректерін өзге шекаралық материалдармен байланыстырып, қазақ этнотерриториясын айқындаудағы маңызын ашу. Олардың қытайша транскрипциядағы нұсқаларын салыстыра талдау және карта деректерін өзге шекаралық материалдармен байланыстырып, қазақ даласының жер аттарын айқындаудағы маңызын ашу. *Материалдар мен әдістер.* Мақалада колданылған негізгі дереккөздерге Цин ұлықтарының сызған карталары мен басқада жазба деректер негіз болды. тарихи-географиялық реконструкция, картографиялық салыстырмалы талдау, деректанулық зерттеу және архивтік топонимдерді карта нұсқаларымен сәйкестендіруге арналған тарихи-лингвистикалық әдістерге негізделеді. *Қорытынды.*

Аталмыш картада негізгі жер аттары жазылған. Көбісі қолданыста бар болғанымен біз ұмытып қалған немесе қазір Орыс тіліне алмасып кеткен жер аттары кездеседі. Бұдан сол кездегі Қытай карталарының бұрынғы жазбалардағы жер аттарын сақтап қалғанын, ал ішінара қазақша жер аттары орыс карталарында өзгергендігін байқауға болады.

**Түйін сөздер:** Қазақ жері, шығыс шекара, Ресей империясы, Цин империясы, шекара бөлісі, карта, тарихи деректер, топонимдер.

**Алғыс.** Мақала «Тайвань қорларындағы Қазақстан тарихы мен мәдениетіне қатысты мұрағаттар: жинақтау, жүйелеу, зерттеу» жобасы аясында жарияланды.

**Дәйексөз үшін:** Ошан Ж., Кенжеахмет Н., Қадылбек М. «Император Гуансюй билігі тұсындағы солтүстік-батыс шекара делимитациялық картасының қытайша аудармасында» көрсетілген Қазақстанның шығыс шекарасына қатысты тарихи топонимикалар// Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 1. 199–209-бб. [қазақша]. DOI: 10.51943/2788-9718\_2026\_29\_1\_199-209

## ИСТОРИЧЕСКИЕ ТОПОНИМЫ, ОТНОСЯЩИЕСЯ К ВОСТОЧНОЙ ГРАНИЦЕ КАЗАХСТАНА, ПРЕДСТАВЛЕННЫЕ В КИТАЙСКОМ ПЕРЕВОДЕ «ДЕЛИМИТАЦИОННОЙ КАРТЫ СЕВЕРО-ЗАПАДНОЙ ГРАНИЦЫ ПЕРИОДА ПРАВЛЕНИЯ ИМПЕРАТОРА ГУАНСЮЯ»

Жанымхан Ошан <sup>1</sup>, Нурлан Кенжеахмет <sup>2</sup>, Марыс Қадылбек <sup>3</sup>

<sup>1</sup> Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова  
(д. 28, ул. Шевченко, 050010 Алматы, Республика Казахстан)  
Кандидат исторических наук  
<https://orcid.org/0009-0003-3659-9254>. E-mail: [792185844@qq.com](mailto:792185844@qq.com)

<sup>2</sup> Казахский Национальный университет им. Абая  
(д. 13, ул. Достык, 050100 Алматы, Республика Казахстан)  
Профессор, Руководитель Международного центра источниковедения «Наследие восточных рукописей»  
<https://orcid.org/0009-0004-7871-6153>. E-mail: [osanzanymhan@gmail.com](mailto:osanzanymhan@gmail.com)

<sup>3</sup> Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова  
(д. 28, ул. Шевченко, 050010 Алматы, Республика Казахстан)  
Младший научный сотрудник  
<https://orcid.org/0009-0009-5605-8387>. E-mail: [marshadylbek@gmail.com](mailto:marshadylbek@gmail.com)

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Ошан Ж., Кенжеахмет Н., Қадылбек М., 2026

**Аннотация.** *Введение.* В статье выявлены исторические топонимы, относящиеся к восточной границе Казахстана, содержащиеся в одном из важных архивных материалов, хранящихся в фондах музея «Гугаун» (故宮博物院) в Тайбэе — картографическом источнике под названием «Китайский перевод русской карты делимитации северо-западной границы периода правления императора Гуансюя» («光緒勘定西北邊界俄文譯漢圖»). *Задачи и цели.* Определить исторические топонимы, относящиеся к восточной границе Казахстана, зафиксированные в картографическом материале «Китайский перевод русской карты делимитации северо-западной границы периода правления императора Гуансюя» («光緒勘定西北邊界俄文譯漢圖»). Провести сравнительный анализ их вариантов в китайской транскрипции и, соотнося данные карты с другими пограничными материалами, раскрыть их значение для определения казахской этнотерритории, а также значение этих топонимов и картографических сведений для выявления географических названий казахской степи. *Материалы и методы.* Основу используемых в статье источников составили карты, составленные чиновниками Цинской империи, а также другие письменные материалы. Исследование опирается на методы историко-географической реконструкции, сравнительного картографического анализа, источниковедческого изучения и историко-лингвистические подходы, направленные на сопоставление архивных топонимов с их картографическими вариантами. *Результаты.* На данной

карте зафиксированы основные топонимы региона. Многие из них продолжают использоваться и сегодня, однако встречаются названия, которые были утрачены или заменены русскими эквивалентами. Это свидетельствует о том, что китайские карты того времени сохраняли топонимы, зафиксированные в более ранних источниках, тогда как часть казахских названий на русских картах подверглась изменениям.

**Ключевые слова:** казахская территория, восточная граница, Российская империя, Цинская империя, делимитация границы, карта, исторические источники, топонимы.

**Благодарность:** Статья опубликована в рамках проекта «Архивные материалы по истории и культуре Казахстана в фондах Тайваня: сбор, систематизация и исследование».

**Для цитирования:** Жанымхан О., Кенжеахмет Н., Кадылбек М. Исторические топонимы, относящиеся к восточной границе Казахстана, представленные в китайском переводе «Делимитационной карты северо-западной границы периода правления императора Гуансюя» // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 1. С. 199–209. [на казахском]. DOI: 10.51943/2788-9718\_2026\_29\_1\_199-209

## HISTORICAL TOPONYMS RELATED TO THE EASTERN BORDER OF THE KAZAKHSTAN PRESENTED IN THE CHINESE TRANSLATION OF THE “DELIMITATION MAP OF THE NORTHWESTERN FRONTIER DURING THE REIGN OF EMPEROR GUANGXU”

Zhanymkhan Oshan<sup>1</sup>, Nurlan Kenzheakhmet<sup>2</sup>, Mars Qadilbek<sup>3</sup>

<sup>1</sup> Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology  
(28, Shevchenko Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)  
Candidate of Historical Sciences  
<https://orcid.org/0000-0002-5767-2794>. E-mail: [osanzanymhan@gmail.com](mailto:osanzanymhan@gmail.com)

<sup>2</sup> Abai Kazakh National Pedagogical University  
(13, Dostyq Str., 050100. Almaty, Kazakhstan)  
Professor, Head of the International Source Studies Center “Eastern Manuscript Heritage”  
<https://orcid.org/0009-0004-7871-6153>. E-mail: [nrlnknjht721@gmail.com](mailto:nrlnknjht721@gmail.com)

<sup>3</sup>Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology  
(28, Shevchenko Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)  
Junior Researcher  
<https://orcid.org/0009-0009-5605-8387>. E-mail: [marshadylbek@gmail.com](mailto:marshadylbek@gmail.com)

© Valikhanov IHE, 2026

© Oshan Zh., Kenzheakhmet N., Qadilbek M., 2026

**Abstract. Introduction.** This article identifies the historical toponyms related to the eastern border of Kazakhstan found in one of the important archival materials preserved in the collections of the National Palace Museum (“Gugong”) in Taipei — the cartographic document titled “Chinese Translation of the Russian Map for the Delimitation of the Northwestern Border during the Reign of Emperor Guangxu” (光緒勘定西北邊界俄文譯漢圖). **Objectives and purpose.** The study aims to identify the historical toponyms related to the eastern border of Kazakhstan found in the cartographic material titled “Chinese Translation of the Russian Map for the Delimitation of the Northwestern Border during the Reign of Emperor Guangxu” (光緒勘定西北邊界俄文譯漢圖). It further seeks to conduct a comparative analysis of their forms in Chinese transcription and, by correlating the map data with other boundary-related materials, to clarify their significance in delineating the Kazakh ethnoterritory. Additionally, the study highlights the importance of these transcribed place names and cartographic data in determining geographic nomenclature across the Kazakh steppe. **Materials and methods.** The primary sources used in this article consist of maps drawn by Qing officials as well as other written documents. The study is based on methods of historical-geographical reconstruction, comparative cartographic analysis, source-critical investigation, and historical-linguistic approaches aimed at correlating archival toponyms with their corresponding cartographic representations. **Result.** The map in question records the principal place names of the region. While many of these toponyms remain in use today, the map also contains names that have been forgotten over time or have

since been replaced by their Russian equivalents. This demonstrates that contemporary Chinese maps of that period preserved earlier geographic nomenclature found in older records, whereas some Kazakh place names were altered or replaced in Russian cartographic materials.

**Keywords:** Kazakh territory, eastern border, Russian Empire, Qing Empire, border delimitation, map, historical sources, toponyms.

**Acknowledgments.** The article was published within the framework of the project “Archival Materials on the History and Culture of Kazakhstan in Taiwan Collections: Collection, Systematization, and Research”.

**For citation:** Zhanymkhan O., Kenzheakhmet N., Qadilbek M. Historical toponyms related to the eastern border of Kazakhstan presented in the Chinese translation of the “Delimitation Map of the Northwestern Frontier during the Reign of Emperor Guangxu” // *Otan tarihy*. 2026. Vol. 29. No. 1. Pp. 199–209. [In Kaz.]. DOI: 10.51943/2788-9718\_2026\_29\_1\_199-209

**Кіріспе.** XVIII ғасырдың 50 жылдарына дейін Қазақ хандығы жоңғарларды жоя жүріп, бір кездері жоңғарлардың қолына өткен өздерінің шығыстағы тарихи көне жұртына табан тірей бастаған еді. XVIII ғасырдың 50 жылдарының екінші жартысында Жоңғар хандығы жойылғаннан кейін Қазақ халқының іргесі шүршіттердің Цин империясымен шектесті. Елдің мүддесін жоғары қойған қазақ билеушілері дипломатиялық әдістер арқылы Цин империясымен байланыс орната бастады. 1757 жылы Қазақ билеушілері Абылай мен Әбілпейіз Цин ордасымен ресми түрде саяси-дипломатиялық байланыс орнатты. Осы саяси-дипломатиялық барыста қазақ елшілері өздерінің жер мәселесі бойынша талаптарын Цин ордасына жеткізіп отырды. Цин империясы Тарбағатай секілді аймақтың Қазақ елінің көне жұрты екенін біле тұрсада, қазақ елінің территориялық талабынан жалтарып отырды. Екі ел арасында бір қатар шекаралық мәселе туындап отырды. Қазақ билеушісі Абылай хан шекара сызығын мойындату мақсатында император Цяньлунге «қызыл таңбалы қолхат» беруді сұрады. Оның бұл қадамдары Қазақ даласының шығыс шекарасын қалыптастыруға негіз қалады.

Алайда Цин патшалығының шекарадағы ұлықтары көне жұртына көшіп барып малын баққан қазақ малшыларын қоныстарынан қуып, малдарын тонап, күш көрсетіп, қазақтардың көшін тежеп, қоныстанған жерлерін Циннің территориясы етіп қалыптастыруға тырысқан [Еженханұлы, 2025: 303]. Қазақ хандығымен шекара аймақта тың игеру және жылжымалы әскери линияларын құрып тарихи шекара деп қарастырған.

Абылай хан қайтыс болғаннан кейін Цяньлун патша хандық орынға үлкен ұлы Уәлидің хан екенін мойындаған. Цин патшалығының хандық мұрагерлікті мойындау үрдісі 1863 жылға дейін жалғасып келген [Әбділәшім, 2025: 372-374]. Алайда 1864 жылы Ресей мен Цин империясы арасында «Шәуешек протоколы» (Қытайша: «中俄勘分西北界条约») деп аталады) жасалып, бұрынғы Қазақ хандығының тарихи территориясын бөліске түсті.

1882–1884 жылдар аралығында патшалық Ресей мен Цин империясы арасында жаңа шекара сызығы жан-жақты зерттеліп, демаркацилау жұмысы жасалды. Кезекті шекара сызығын анықтау жұмыстары солтүстікте Ұлы Алтай тау жоталарының Қобда өңірінен басталып, оңтүстікте Қашғар маңындағы Өзбел асуына дейін жалғасты, сол кезеңде шекарасы толық айқындалмаған Памир өңірі де аталған жұмыс көлеміне кірді. Аталған шарада карталарды аудару, топонимдерді тексеріп тұрақтандыру және шекара сызығын анықтап белгілеу қатарлы кешенді жұмыстар атқарылды.

**Материалдар мен зерттеу әдістері.** Бұл зерттеу мақаласында Цин патшалығының шекаралық картасы талданды. Қытайдағы XX ғасырдың алғашқы жартысындағы саяси және тарихи өзгерістерге байланысты бірқатар маңызды архивтік материалдар әртүрлі өңірлерге тарап кеткені белгілі. Соның ішінде Цин дәуірінің бірқатар сирек кездесетін құжаттары Қытай Республикасының кезеңінде Тайваньға ауыстырылып, қазіргі таңда Тайпей қаласындағы «Гугун» музейінің (故宫博物院) архивтік қорларында сақталған. Зерттеуге негіз болған сондай маңызды деректің бірі — «Император Гуансюй билігі тұсындағы Солтүстік-батыс шекара делимитациялық картасының қытайша аудармасы» («光緒勘定西北邊界俄文譯漢圖») деп аталатын картографиялық материал. Аталған карта Ресей империясы мен Цин патшалығы арасындағы шекара белгілеу жұмыстарының нәтижесінде жасалған ресми құжаттардың бір бөлігі ретінде құнды тарихи-географиялық ақпарат береді. Материалдар кешені ретінде біз бұл картадан бөлек, Қазақ даласының шығыс өңірлеріне қатысты топонимдер кездесетін Цин әскери-әкімшілік құжаттарын, тарихи географиялық кітаптарды, сондай-ақ патшалық

дәуірдің шекаралық мәселелерін қамтитын ресми хаттамалар мен аударма материалдарды да пайдаландық.

Зерттеу әдістері тарихи-географиялық реконструкцияға бағытталған кешенді талдау тәсілдеріне сүйенеді. Біріншіден, біз «Император Гуансюй билігі тұсындағы Солтүстік-батыс шекара делимитациялық картасының қытайша аудармасы» («光緒勘定西北邊界俄文譯漢圖») картасының құрылымы, өлшемдік ерекшеліктері, сызба элементтері және топонимдік көрсеткіштері бойынша толық сипаттамалық талдау жүргіздік. Екіншіден, картадағы жер-су атауларын қазіргі атауларымен және сол кезеңге тән өзге шекара карталарымен (Цин әскерінің әскери карталары, Ресейдің Жетісу және Алтай шекара экспедицияларының материалдары) салыстыру әдісі қолданылды. Бұл салыстырмалы талдау қазақтардың шығыс шекарасына қатысты жер-су аттарының трансформациясын, олардың қытайша транскрипциядағы өзгерістерін және картографиялық бейнелену логикасын анықтауға мүмкіндік берді. Үшіншіден, біз архивтік мәтіндерде кездесетін топонимдерді карталардағы нұсқаларымен сәйкестендіру үшін тарихи-лингвистикалық әдісті пайдаландық. Осы әдістер кешені картадағы топонимдердің тарихи контекстін түсіндіруге, олардың қазақ этнотерриториясын айқындаудағы орны мен маңызын анықтауға мүмкіндік берді.

**Талқылау.** XIX ғасырдың орта шені мен екінші жартысында Цин империясы мен патшалық Ресей Орта Азия аумағында бір-біріне тікелей тірелген ықпал аймақтарын қалыптастырды. Ресей әскери және дипломатиялық тәсілдерді қатар қолдану арқылы Қоқан, Бұқара, Хиуа хандықтарын қысқа мерзімде бағындырып, өз ықпалын Іле аңғарының басына дейін жеткізді. Ұқсас уақытта Цин империясы Цзо Цзунтанның басшылығында Шыңжаңды қайта бағындыру науқанын аяқтады. Осыдан кейін олар өңірде провинциялық басқару жүйесін орнатып, тиімді шекаралық бақылау тетіктерін айқындауға мұқтаж болды. Сөйтіп Цин патшалығы үшін шекаралық карта жасау, олардың жаңа шекаралық аймақ – Шыңжаңдағы билігін сақтап қалу мен аймақтық басқаруды баянды түрде жүйелеу үшін құжат болды. Жаулап алынған жаңа аймақтарды тұрақтандырып, Орта Азиядағы стратегиялық кеңістікті қамтамасыз етуге арналған құралдарды нығайту Ресей империясы үшін де қажет болды. Осылайша, бұл карта екі империя арасындағы мүдделер тоғысуының сипаты болды.


Нәтижесінде патшалық Ресей мен Цин арасында бір қатар шекаралық келісімдер жасалды. 1858 жылы «Айгунь келісім шарты (璦琿條約)», 1860 жылы «Пекин келісімі (中俄北京條約)», 1864 жылы «Шәуешек келісімі» (Қытайшасы: «Қытай-Ресей солтүстік-батыс шекараны белгілеу келісімі»/中俄勘分西北界條約), 1881 жылы «Іле келісімі», 1883 жылы «Қобда-Тарбағатай келісімі» қатарлы бір қанша келісімдерге келіп, ресми түрде қол қойды.

Дәл осы XIX ғасырдың 70-90 жылдары аралығында Ресей империясы Алтай таулары, Тарбағатай өңірінен Іле аңғары аумақтарына дейінгі жерлерге көптеген әскери-топографиялық мамандарын жіберіп, жаппай өлшеу жұмыстарын жүргізді. «Император Гуансюй билігі тұсындағы Солтүстік-батыс шекара делимитациялық картасының қытайша аудармасы» («光緒勘定西北邊界俄文譯漢圖») деп аталған бұл карта 1894 жыл көктемде Санкт-Петербург қаласында басылып шыққан. Орысша картаның қытайша аудармасы болғанына қарамастан карта авторы ретінде Сюй Цзинчэн (許景澄) есімді Қытай дипломатының аты аталады. Сюй Цзинчэн Цин патшалығының соңғы кезіндегі Қытай дипломатиясының алғашқы кәсіби өкілдерінің бірі саналады.

Карта авторы делінген Сюй Цзинчэн, аталмыш картаны Ресейдегі Цин елшілік қызметін атқарған кезінде аударған. Ол 1864 жылы «Шәуешек келісіміне» қатысты Орыс-Қытай карталарын жинақтай келе, осы картаны қытай тіліне аударған. Шын мәнінде бұған дейін мұндай жұмысты қытайдың басқа да дипломаттары атқарған. Соның бірі Хун Цзюнь (洪鈞) есімді дипломат (тарихшы) 1890 жылы «Қытай-Ресей шекарасының толық картасы» (中俄交界全圖) атты картаны жариялаған. Сюй Цзинчэн осы картаны да пайдаланған.

Түпнұсқа екі бөлек (жоғарғы және төменгі) парақтан құралады. Толық өлшемі 54 × 99 см. Қартаның бірінші бөлігінің сол жақ үстіне Алтай-Қобда аймағын арнаулы түрде анықтап көрсеткен. Қартаның екінші бөлегінде осыған ұқсас Памир өңірін қоса алған. Қартаның төменгі оң жақ бұрышында «Хотаннан Лобнорға дейінгі жаңа карта» атты қосымша карта берілген. Картада шекара сызығы, қалалар мен жергілікті нысандар егжей-тегжейлі көрсетілген. Қартаны орыс тіліндегі түп нұсқадан қытайша тәржімалау кезінде қытайда бұған дейін қалыптасқан атаулармен сәйкестендіру принципін жолға қойған.

Түпнұсқа картада британдық ендік және бойлық жүйесі қолданылған, қосымша қытайша географиялық координаттармен белгіленген. Картадағы барлық жазу белгілер мен суреттер аударма стандарттарына сәйкестендіру мақсатында мүмкіндігінше түпнұсқа қалпында сақталған.




Сур. 1. «Император Гуансюй билігі тұсындағы Солтүстік-батыс шекара делимитациялық картасының қытайша аудармасы» («光緒勘定西北邊界俄文譯漢圖») [Карта 021421, Тайпей «Гугун» музейі (故宮博物院) архивтік қоры]

Ресейдің картографиялық жүйесі сол кезеңдегі ғылыми-техникалық деңгейі жағынан озық болғандықтан, бұл карта өз дәуіріндегі ресейлік ғылыми карталаудың жоғары дәлдігінің мұрасы болды. Артынша ресейлік түпнұсқа картаны кәсіби түрде қытайшаға аудару жұмысы жасалды. Соның нәтижесінде орыс тіліндегі жер-су атаулары, шекаралық белгілер, тау мен өзен атаулары түгелдей қытайшаға жүйелі түрде түсірілді. Осы жұмыстардың барлығы мәресіне жеткеннен кейін карта 1894 жылы Ресейде баспадан шықты.

Бұл картаның орысша түп нұсқалары өз кезінде делимитация (шекара сызығын картада бекіту), демаркация (шекараны жергілікті жерде белгілеу) процестерінің негізгі құжаты болғаны белгілі. Ол – Цин үкіметі Ресей тарапынан ұсынылған ресми шекаралық карта негізінде әзірлеген беделді деректік құжат болып табылады әрі дипломатиялық, құқықтық және географиялық тұрғыдан ерекше маңызға ие. Сондықтан аталған карта тарихи, құқықтық, деректік және басқада жақтардан маңызды саналады. Соның бірі Қазақстан–Қытай шекарасының бірқатар учаскесі дәл осы карта негізінде анықталған. Оның саяси құжат ретіндегі рөлін айтар болсақ, карта халықаралық келісімдерге қосымша ретінде қолданылған және құқықтық күшке ие болған. Айтулы карта Ресей империясы мен Цин империясы арасындағы шекараны белгілеу процесінің дереккөзі ретінде бағаланғанымен Отандық тарихымызды зерттеуде де аса маңызды дереккөз саналады.

Бұдан өзге ол тағы географиялық-құжаттық мұра саналады. Онда жазылған XIX ғасыр соңындағы қытай транскрипциясында көптеген жер-су аттарының ертедегі фонетикалық нұсқаларын сақтап қалған. Бұл тұрғыдан алғанда ол Қазақстан тарихи топонимдерін қалпына келтіру үшін маңызды дерек бола алады.



Сур. 2. Картадағы Қазақ жерінің шығыс шекаралық бөлегі

Төменде біз Қазақстанның шығыс шекара аймағындағы Алтай тауларынан Алакөлге дейінгі аралығындағы топонимдердің қытай иероглифтерімен көрсетілген транслитерациясын, сондай-ақ олардың қазақша баламасын ұсындық.

**Кесте 1.** Алтайдан Алакөлге дейінгі жер-су атаулары

№	Қытайша	Пиньинь	Қазақша атауы	Ескерту
1	大阿爾泰	Da A er tai	Үлкен алтай (Төр Алтай)	
2	奎屯	Kui tun	Күйтүн	
3	阿克哈巴河	A ke Ha ba he	Аққаба өзені	
4	喀拉哈巴河	Kala Ha ba he	Қарақаба өзені	
5	巴喀那斯	Ba ka na si	Бақанас	
6	薩爾那開	Sa er na kai	Сарноқай	
7	巴爾哈斯	Ba er ha si	Барқас?	
8	伯勒哲克河	Bo le zhi ke he	Білезік өзені	
9	阿克塔斯河	A ke ta si he	Ақтас өзені	
10	阿拉克別河	A la ke bie he	Алқабек өзені	
11	巴爾噶庫爾	Ba er ga ku er	Марқакөл	
12	薩拉套	Sa la tao	Сарытау	
13	噶勒濟爾河	Ga le ji er he	Қалжыр өзені	
14	塔爾齊河	Ta er qi he	Таршық өзені?	
15	喀拉古特河	Ka la gu te he	Қалғұтты өзені	
16	阿克求別	A ke qiu bie	Ақтөбе	阿克求別即瑪呢圖噶勒干/A ke qiu bie ji ma ni tu ga le gan. Демек қытайлар бұл жерді «Манитугалэган» деп атап жүрген.
17	沙尔布克	Sha er bu ke	Сабұлақ	
18	哈尔塔尔	Ha er ta er	Қартар?	
19	察奇勒莫斯	Cha qi le mo si	Ча ци лэ мо сы?	
20	齊桑淖爾	zhai sang no er	Зайсан көлі	Қазақша тарихи атауы «Жайсаң

				көлі» деп аталған.
21	庫爾楚木	Ku er chu mu	Күршім өзені	庫爾楚木即科爾沁河/Ku er chu mu Ku er chu mu ji Ke er qin he». Қытайлар бұған дейін «科爾沁河/Ke er qin he» деп басқаша жазып келшген.
22	納林河	Na lin he	Нарын өзені	
23	納穆嶺	Na mu lin	Нам тауы	Зайсан көлінің солтүстігінде
24	哈爾滿山	Ha er man shan	Қарман тауы	Қалба тауы
25	伊爾特什河	Yi er te shi	Ертіс	
26	布崑河	Bu ken he	Бөкен	Үлкен Бөкен өзені, Көкпекті
27	闊克撇克特	Kuo ke pie ke te	Көкпекті	
28	闊克撇克	Kuo ke pie ke	Көкпек	闊克撇克即楚克里克河Kuo ke pie ke ji chu ke li ke he
29	薩烏爾嶺	Sa wu er ling	Сауыр таулары	
30	鏗額爾利克	Keng e er li ke	Кендірлік	
31	鏗額爾河	Keng e er he	Кеңгір өзені	
32	齊桑斯克	Zhai sang si ke	Зайсанск	
33	鄂棟河	E dong he	Үйдене	
34	察罕鄂博河	Cha han e bo he	Шағаноба	
35	池林特	Chi lin te	Шілікті	
36	治提阿拉勒	Zhi ti a la le	Жетіарал	Картада «治提阿拉勒即齊巴克達孫河» деп жазған. Яғни «Жетіарал дегеніміз Цибакэдасун». Қытай әдебиеттерінде бұған дейін «齊巴克達孫河/Qi ba ke da sun he» деп жазып келген.
37	哲拉那赤河	Zhi la na chi he	Жалаңаш өзені	
38	布爾噶蘇台	Bu er ga si tai	Бұркыстай	
39	塔爾巴哈台嶺	Ta er ba ha tai	Тарбағатай таулары	
40	哈巴爾蘇	Ha ba er su	Қабарсу	
41	濟莫爾色克河	Ji mo er se ke he	Жімерсек өзені	Жімерсек өзені, қытай-қазақ шекарасында
42	哈爾巴哈河	Ha er ba ha he	Қарғыба (Қарбаға)	
43	巴雅爾河	Ba ya er he	Базар өзені	
44	布古什河	Bu gu shi he	Боғас өзені	
45	奇塔特河	Qi ta te he	Қытат өзені	
46	庫木爾奇	Ku mu er qi	Көмірші	
47	烏松布拉克河	Wu song bu la ke he	Ұзынбұлақ өзені	
48	哈拉布塔河	Ha la bu ta he	Қарабұта өзені	
49	阿塔蓋	A ta gai	Атағай	Немесе Атығай
50	喀爾格勒河	Ka er ge le he	Қарғылы өзені	немесе Қарғалы өзені
51	巴克圖	Ba ke tu	Бакты	
52	額米爾河	E mi er he	Еміл өзені	

53	沙拉布拉克	Sha la bu la ke	Сарыбұлақ	
54	巴爾魯克山	Ba er lu ke shan	Барлық тауы	
55	察罕托海	Cha han tuo hai	Шағантоғай	
56	額爾格圖	E er ge tu	Ергейті	
57	巴爾魯克	Ba er lu ke	Барлық	
58	阿拉庫爾	A la ku er	Алакөл	Қартада: «阿拉庫爾即阿拉克圖古勒淖爾 деп жазған. Мұндағы «阿拉克圖古勒淖爾/A la ke tu gu le nao er» кытайдың тарихи әдебиеттерінде хатқа түскен үлгісі.
59	瑪爾拉得	Ma er la de	Ма эр ла дэ?	
60	哈屯蘇河	Ha tun su he	Қатынсу	
61	烏爾扎爾	Wu er zha er	Ұржар (Ұржар)	
62	烏爾扎爾河	Wu er zha er he	Ұржар (Ұржар) өзені	
63	烏雅雷河	Wu ya le he	Ұялы өзені	
64	薩色克庫爾	Sa se ke ku er	Сасықкөл	
65	斜爾吉鄂波里	Xie er ji e bo li	Се эр ци э бо ли?	
66	愛古斯基	Ai gu si ji	Аякөз	
67	愛古斯河	Ai gu si he	Айғыз өзені	
68	巴喀那斯河	Ba ha na si he	Бақанас өзені	

**Нәтижелер.** Жоғарыда көрсетіп өткендей картаға Қазақ жерінің шығыс шекарасындағы барлық жер-су атаулары толық қамтылмаған. Көптеген жерлердің аты мүлде аталмаған. Соның ішінде әйгілі таулар, өзен-сулар мен басқа да нысандар бар. Мұндай аты аталмаған жер-су атауларының қатарында бұған дейінгі Орыс және Қытай карталары мен тарихи еңбектерінде жиі айтылатын жер-су аттары да көптеп кездеседі. Кейбір жер-су атаулары бұрынғы тарихи-географиялық әдебиеттер мен тарихи карталарда кездеспейтін, тек осы картаға ғана түскен атау болып келеді.

Үлкен Алтай (大阿爾泰) – күрделі, ірі тау жүйесі. Қазіргі шекаралық бөлініске сай төрт елдің еншісінде. Қазақстан Алтайы – Төр Алтай, Қытай Алтайы – Өр Алтай, Моңғолия Алтайы – Малды Алтай, Ресей Алтайы – Кенді Алтай аталып жүр. Қазіргі қолданыстағы Алтай топонимі Алтын сөзінен өзгерген емес, қайта Алтай атауының ал сыңары көне түрік тілдеріндегі «қызыл», «алтын» мағынадағы лексикалық бірлік, дербес сөз болған. Атаудың екінші сыңарындағы тай сөзі көне түрік тіліндегі тағ (тау) сөзінің кейінгі кезеңдерде дауыссыз «ғ» дыбысының жартылай «й» дыбысына алмасуынан туған. Демек, Алтай – қызыл, қызғылт яғни алтын тау [Жанұзақ, 2011: 153]. Алтай тау көне түркі жазбаларында «Altun üsügh asa kältimiz, ertis ügüzüg kächä kältimiz » деп кездеседі. Ондағы «Алтын» деп осы Алтай тауларын меңзеп отыр. Бұл таудың аты осы карта сызылудан бұрын Қобда-Тарбағатай келісіміне байланысты Алтай Алқабек өңірін мекендеген найман қаракерей жарболды елінің ру басы Дүзбетке түскен ескі қазақ тіліндегі хатта «التای» деп хатталған [Kenzheakhmet N., Qadilbek, 2024: 1058].

Картада Ертіс өзенінің атын Э-эртэши (伊爾特什) деп жазып таңбалаған. Бұл қазақша атауы болған «Ертіс» нұсқасына өте жақын. Демек өзеннің бұған дейін қалыптасқан Э-эр ци сы (額爾齊斯/E er qi si) нұсқасы жоңғар қалмақтарынан алынғанын көрсетеді.

Картадағы қатайша аудармада бір қатар жер-су атауында өзгерістер орын алған. Мысалы Жайсаң (Зайсан) көлін бұрынғы қытай карталары мен тарихи шығармалары Цзайсан «宰桑/Zai sang» түрінде жазып келген болатын. Бұл әрине қытай авторларының аталған көл туралы мәліметтерді қалмақтардан алғанынан туындағанын көрсетеді. Біз талқылап отырған картада бұл көлдің аты біраз өзгеріске түскен, сөйтіп оның Чжайсаң науэр (齊桑淖爾/Zhai sang nao er) деген үлгісі таңбаланған.

Мұндай өзгеріс картадағы үшбу атаудың қазақтардан алынғанын әрі қазақтар ол көлді «Жайсаң» деп атағанын көрсетіп береді. Мұндай болғанда бұл атаудың этимологиясы қалмақ (моңғол) тіліндегі «Zaisan» деген мансап-титулдан келген деген жорамал күмәнді болып шығады. Қазақтар Ертістің арнасынан асып, жайылып көлге айналған тұсын «Жайсаң» деп атағанын көрсете алады.

Картада Аякөз атауына қатысты Айгусы цзи (愛古斯基) және Айгусы (愛古斯河) деген атаулар кездеседі. Мұндағы бірінші тіркестің неге олай жазылғаны зерттеуді қажет етеді. Екінші тіркес, яғни «Айгусы» – Аякөз атауымен байланысты болуға тиіс. «Си юй ту чжэ» атты қытайдың тарихи-географиялық еңбегінде Аякөз атын Айхусы (愛呼斯/Ai hu si) деп жазып, өзеннің орны туралы егжей-тегжейлі мәліметтер берген [«Си юй ту чжи», Цз. 21]. Мұндай мәлімет «Патша бекіткен Жоңғарларды бағындырудың стратегиясы» атты еңбекте де бар [«Цин дин Чжун га эр фан люэ» Цз. 41]. Қытай тарихи әдебиеттерінде Аякөз атауының бұдан басқа да таңбалу үлгілері кездеседі. Олардың кейбірі Аякөз атауына байланысты болғанымен, кейбірі Аякөз өзеніне келіп құятын әрі Аякөз атауына өте жақын «Айғыз» атты өзеннің атымен байланысты болуы мүмкін.

Картадағы Ертіске келіп құятын өзендердің көбінің аты қазіргі атауына сәйкес келеді. Солардың бірі болған Алқабек өзені жоғарыда көрсетілгендей «Алакәбелә хә (阿拉克別河)» деп хатталған. Алқабек атты өзен қазіргі кезде де солай аталады, ол Қазақстан мен Қытайдың шекарасында орналасқан. Осы және басқа да жәйттерге қарағанда оның картадағы аты қазақшадағы дыбыстық аталуы негізінде аударылған. Жоғарыда айтылғандай қазақша құжатта бұл өзеннің аты «القابک» деп хатталған. [Kenzheakhmet, 2023: 142; Kenzheakhmet, Qadilbek, 2024: 1058].

Білезік өзені Алқабек өзеніне жақын маңдағы өзен аты. Қызіргі шекара бойынша Қытай аумағында қалған. Ол Ертіс өзеніне құятын ірі өзеннің бірі. Аталған өзеннің картадағы аты Бай лә чжә кә хә (伯勒哲克河/Bai le zhi ke he). Бұған қарағанда бұл өзеннің атауы да Алқабек өзені сияқты қазақ тіліндегі дыбысталуы негізінде қытайша транскрипцияланған болуға тиіс.

Аққаба өзені – Алтай тауынан бастау алып, оңтүстікке қарай Нарсын, Тұлымты тауларын жағалай ағып Қаба өзеніне құятын өзен. Қазір Қытайдың Алтай Қаба ауданында. Аймақты қазақтар мен ұранқайлар аралас қоныстанады. Картада бұл өзеннің атын Акә хаба хә (阿克哈巴河/Akehaba he) деп дәлме-дәл таңбалағанына қарағанда қазақша Аққаба деген нұсқадан алған деуге болады.

Картада Алакөлді «阿拉庫爾即阿拉克圖古勒淖爾» деп жазып көрсеткен. Бұл «Алакөл, яғни бұрынғы Алакәтугулэ нао эр еді» деген мағнадағы тіркес. Мұндағы Алакәтугулэ наоэр «阿拉克圖古勒淖爾/A la ke tu gu le nao er» қытай карталары мен тарихи шығармаларында бұған дейін қалыптасқан атау. «Си юй ту чжэ» атты кітапта Алакә ху (阿拉克湖) деп те жазған [«Си юй ту чжи», Цз. 25]. Мұндай атаудың қалыптасуы қытайлардың бұл атауды Жоңғар қалмақтары тарапынан алғанын көрсетеді. Ал картадағы Алакуэр («阿拉庫爾») бұл қазақша Алакөл атауының транслитерациясы деуге негіз бар.

Картада Күйтүн тауы (奎屯山) деген таудың аты кездеседі. Цин патшалығы дәуіріндегі кейбір тарихи шығармаларда бұл жердің атын Куйдун тауы («奎峒山/Kui dong shan» деп хаттаған. Бұл таудың орны Ресей, Қытай және Монғолия үш елдің шекарасындағы Достық шоқысынан солтүстікке қарай екі шақырым жерде делінеді.

**Қорытынды.** Айтулы карта Цин әулетінің Ресеймен шекара келіссөздерінің нәтижесі ғана емес, сонымен қатар Қазақтың шығыс шекарасына қатысты географиялық білім жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Онда XIX ғасырдың аяғында Еуразияның өзгермелі билік құрылымдарын көрсететін геосаяси, құқықтық және ғылыми картаға түсіру атрибуттары бар. Карта Қазақ жерінде Ресей мен Қытай шекарасының орнауын, Қазақ даласындағы тарихи және географиялық өзгерістерді, сондай-ақ Қазақ даласының шығыс бөлігіндегі жер-су атаулары тарихы мен этникалық тарихын зерттеуге ғылыми құндылыққа ие. Біздің бастапқы ізденістеріміз болашақта жасалуға тиісті картаны түпнұсқа орыс картасымен егжей-тегжейлі салыстыру, картадағы сирек кездесетін жер-су атауларын географиялық тұрғыдан қалпына келтіру, Қазақстанда күні бүгінге дейін сақталып келе жатқан тарихи топонимдермен сәйкестендіру қатарлы зерттеулердің бастамасы саналады. Картадағы жер аттарының басым бөлігі қазірде қолданыста болғанымен, қолданыстан шығып, ұмытылған немесе орысша атала бастаған кейбір жер-су атауларын да кездестіреміз. Біз картаның қытайша аудармасында бұрынғы кезде сызылған қытай карталары мен жазбаларындағы ішінара жер аттарын сақтап қалғанын, кейбір қазақша жер-су атауларының орыс карталарында өзгеріске түскенін де көрсете аламыз.

## Әдебиетгертер

Әбділәшім, 2025 – *Әбділәшім Д.* Елдік Феномен. Токио, 2025. 452 с. Еженханұлы, 2025 – *Еженханұлы Б.* Абылай хан дәуіріндегі Қазақ-Цин қарым-қатынастары. Алматы: «TURAN» баспасы, 2025. 696 б.

Жанұзақ, 2011 – *Жанұзақ Т.* Жер-су атаулары. Өнер баспасы, Алматы, 2011. 493 с.

«Император Гуансюй билігі тұсындағы Солтүстік-батыс шекара делимитациялық картасының қытайша аудармасы» Тайпей қаласындағы «Гугун» музейінің архивтік қорларында сақталған («光緒勘定西北邊界俄文譯漢圖», (上、下幅), 國立故宮博物院藏).

Kenzheakhmet 2023 – *Nurlan Kenzheakhmet.* European-Chinese Imperial Maps and Gazetteers Related to the Kazakh (Qazaq) Khanate and Its Adjacent Regions from the 16th to the 19th Centuries. OSTASIEN Verlag, 2023 (in Eng.).

Kenzheakhmet, Qadilbek 2024 – *Nurlan Kenzheakhmet, Mars Qadilbek.* Old qazaq, chinese, manchu documents that were written by the Qing officials in the Xinjiang ARCHIVES// Otan tarihy. 2024. Vol. 27. No 4. Pp. 1051–1067. [In Eng.].

Фу Хэн – *Фу Хэн.* «Цин дин Чжун га эр фан люэ» (傅恆, «钦定准噶尔方略» 平定準噶爾方略(四庫全書本) - 维基文库, 自由的图书馆.

Фу Хэн – *Фу Хэн.* «Патша бекіткен Батыс аймақтың карталармен көрсетілген географиялық сипаттамасы (傅恆, «钦定皇輿西域圖志». 钦定皇輿西域圖志(四庫全書本) - 维基文库, 自由的图书馆.

Ван Шучжан — *Ван Шучжан,* Синьцзян карталарының сипаттамасы (王樹枏: «新疆圖志»). *新疆圖志*

Сюй Цзинчэн – *Сюй Цзинчэн.* Император Гуансюй билігі тұсындағы Солтүстік-батыс шекара делимитациялық картасының қытайша аудармасына кіріспе» (許景澄: «光緒勘定西北邊界俄文譯漢圖例言», «許文肅公遺稿», 卷十一. «續修四庫全書», 上海古籍出版社. 2002年).

Хун Цзюнь – *Хун Цзюнь.* Қытай-Ресей шекара картасы (洪鈞: «中俄交界全圖»-之分圖 «帕米爾地圖», 原圖藏於美國國會圖書館) 1890年中俄交界全圖(35幅)

## References

Abdilashim, D., 2025 – *Abdilashim D.* Eldik Phenomenon [A national phenomenon]. Tokyo, 2025. 452 p. [In Kaz.]

*Chinese Translation of the Russian Map for the Delimitation of the Northwestern Border during the Reign of Emperor Guangxu, upper & lower sheets* (光緒勘定西北邊界俄文譯漢圖) [Chinese translation: Russian map of the Northwest Frontier during the reign of Emperor Guangxu]. Taipei: Collections of the National Palace Museum (Gugong). [In Chinese]

Ezhenkhanuly B., 2025 – *Ezhenkhanuly B.* Kazakh–Qing Relations during the Era of Ablai Khan [Kazakh–Qing relations during the reign of Abylai Khan]. Almaty: TURAN Publishing House, 2025. 696 p. [In Kaz.]

Fu Heng – *Fu Heng.* Imperially Endorsed Geographical Description of the Western Region with Maps (傅恆, «钦定皇輿西域圖志», Siku Quanshu edition) [Geographical description of the Western region approved by the emperor with maps]. [In Chinese]

Fu Heng, – *Fu Heng.* Qin Ding Zhunge'er Fanglüe (傅恆, «钦定准噶尔方略»; 平定準噶爾方略, Siku Quanshu edition) [State cartographic work depicting Dzungaria during the Qing era]. [In Chinese]

Hong Jun, 1890 – *Hong Jun.* Zhong–E Jiaojie Quantu, section map Pamir Map (洪鈞: «中俄交界全圖» — 分圖 «帕米爾地圖») [Full map of the China-Russia border, section map: Pamir map]. Original map held at the Library of Congress, USA, 1890. [In Chinese]

Kenzheakhmet N., Qadilbek M., 2024 – *Kenzheakhmet N., Qadilbek M.* “Old Kazakh, Chinese, and Manchu Documents Written by Qing Officials in the Xinjiang Archives” [Old Kazakh, Chinese, and Manchu documents written by Qing officials in the Xinjiang archives]. *Otan Tarihy.* 2024. 27(4). Pp. 1051–1067. [In English]

Kenzheakhmet, 2023 – *Kenzheakhmet N.* European-Chinese Imperial Maps and Gazetteers Related to the Kazakh (Qazaq) Khanate and Its Adjacent Regions from the 16th to the 19th Centuries [European-Chinese imperial maps and directories relating to the Kazakh Khanate and neighboring regions in the 16th–19th centuries]. OSTASIEN Verlag, 2023. [In English]

Wang Shuzhang – *Wang Shuzhang.* Xinjiang Tuzhi (王樹枏: «新疆圖志») [Geographical characteristics of Xinjiang Province]. [In Chinese]

Xu Jingcheng – *Xu Jingcheng.* “Comments on the Chinese Translation of the Russian Map for the Delimitation of the Northwestern Border during Emperor Guangxu’s Reign” (許景澄: «光緒勘定西北邊界俄文譯漢圖例言»), in Xu Wensu Gong Yigao, Vol. 11. In Xu Xiu Siku Quanshu, Shanghai: Shanghai Guji Press, 2002 [Comments on the Chinese translation of the Russian map of the Northwest Frontier during the reign of Emperor Guangxu]. [In Chinese]

Zhanuzak, 2011 – *Zhanuzak T.* Toponimder [Place Names]. Almaty: Oner Publishing House, 2011. 493 p. [In Kaz.]

**МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT**  
**ОТАН ТАРИХЫ. 2026. Т. 29. № 1**

<b>Касымова Д.Б., Капаева А.Т., Кудайбергеноулы Б.</b> О «ФЕОДАЛЬНО-БАЙСКИХ ПЕРЕЖИТКАХ» В КАЗАХСКОЙ ССР: ДИСКУРС, ПРАВО И ПРАКТИКИ.....	5
<b>Козина В.В., Уалтаева А.С., Баймагамбетова А.А.</b> СОЦИАЛЬНО-ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ МОНОГОРОДОВ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	22
<b>Мамраймов С.</b> КЕҢЕСТІК АГРАРЛЫҚ САЯСАТ АЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ МЕН БАЙ-ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫ ТӨРКІЛЕУ (1928–1933 жж.).....	40
<b>Turgunbayev I.Ye., Moryakova M.T., Zhanatayeva K.B.</b> VILLAGE INSTITUTES IN TÜRKIYE AS AN INSTRUMENT OF CULTURAL POLICY.....	54
<b>Sissenbayeva A.A., Kalybekova M.Ch.</b> THEORETICAL AND SOURCE BASE FOR THE STUDY OF HISTORY OF KAZAKHSTANI PRISONERS OF WAR IN CONCENTRATION CAMPS ON THE TERRITORY POLAND DURING THE WORLD WAR II.....	66
<b>Жолдасұлы Т., Досым А.Б.</b> ҚЫЗЫЛОРДАДАҒЫ ИСЛАМНАН ӨЗГЕ ДІНИ ҰЙЫМДАР: СОВЕТТІК КЕЗЕҢ ТӘЖІРИБЕСІ (1960–1980 ЖЖ.).....	77
<b>Zhumatay G., Yskak A.</b> TSARIST RUSSIA’S CIVILIZING MISSION AND POLICY OF CHRISTIANIZATION OF THE KAZAKHS IN THE SECOND HALF OF THE 19 <sup>th</sup> AND BEGINNING OF THE 20 <sup>th</sup> CENTURIES.....	91
<b>Zholseitova M.A.</b> SOCIO-POLITICAL TRANSFORMATION OF THE TURKIC-MUSLIM SOCIETY IN THE INTELLECTUAL HERITAGE OF THE ALASH MOVEMENT.....	107
<b>Сабитов Ж.М., Каратаев А.А.</b> О ПРОИСХОЖДЕНИИ И ИСТОРИИ ПЛЕМЕНИ АРГЫН.....	118
<b>Бимақанова З.Ш., Мұқанова Г.Қ., Нұрғалиева Ф.М.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «КІШІ ҚАЗАН» ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ ПӘНАРАЛЫҚ ТӘСІЛДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ.....	132
<b>Ахметова Г.М.</b> ТОРГОВО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ КАЗАХСТАНА В XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКА: ОТЕЧЕСТВЕННАЯ И ЗАРУБЕЖНАЯ ИСТОРИОГРАФИЯ.....	142

<b>Ермаханова М.А., Абдразақова А.Ө., Айтуар Б.М.</b> АҢЫЗ ЖӘНЕ ШЫНДЫҚ: ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВТИҢ ТҮЛҒАСЫНА ҚАТЫСТЫ ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ.....	161
<b>Махамбетова Л.А., Мейрманова Г.А.</b> У.Х. ШӨЛЕКЕНОВТИҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚТАР МЕН ҚАРАҚАЛПАҚТАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮЙЕСІ.....	174
<b>Байжанова А.Ә., Шашаев Ә.Қ., Әділбекова З.Ә.</b> XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОҚУ-АҒАРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ТАРИХИ ТАЛДАУ.....	185
<b>Ошан Ж., Кенжеахмет Н., Қадылбек М.</b> «ИМПЕРАТОР ГУАНСЮЙ БИЛГІ ТҰСЫНДАҒЫ СОЛТҮСТІК-БАТЫС ШЕКАРА ДЕЛИМИТАЦИЯЛЫҚ КАРТАСЫНЫҢ ҚЫТАЙША АУДАРМАСЫНДА» КӨРСЕТІЛГЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЫҒЫС ШЕКАРАСЫНА ҚАТЫСТЫ ТАРИХИ ТОПОНИМИКАЛАР.....	199
<b>Zholdas A.K., Amirbek A.A., Kumganbayev Zh. K.</b> THE ROLE OF HISTORY TEACHING IN FORMING THE KAZAKH INTELLIGENTSIA (1918–1927 YEARS).....	210
<b>Саркенова К.А., Әбенова Б.С.</b> БАТЫС СІБІР: ӘКІМШІЛІК-ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ БӨЛІНСІ, ҚАЗАҚТАРДЫҢ ОРНАЛАСУЫ (XVIII Ғ. СОҢЫ – XIX Ғ. БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ).....	219
<b>Mirzakulova R.M., Alpysbayeva N.K.</b> SCHOLARS' PERSONAL FUNDS IN THE SCIENTIFIC ARCHIVE OF "GYLYM ORDASY" AS A PHENOMENON OF HISTORICAL MEMORY.....	234
<b>Абдукадыров Н.М., Қалдыбаева С.С., Көбесова А.С.</b> ОСМАН МЕМЛЕКЕТІ МЕН ОРТА АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫ АРАСЫНДА ОҚУ-АҒАРТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ (XIX Ғ. СОҢЫ – XX Ғ. БАСЫ).....	249
<b>Ауанасова К.М., Ауанасова А.М., Бадиев А.М.</b> ВКЛАД СЕРАЛИ ЛАПИНА В ПРАВОВОЙ МОДЕРНИЗМ В ПЕРВЫЕ ГОДЫ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ (НА ОСНОВЕ АНАЛИЗА ЗАПАДНОЙ И РОССИЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ).....	266
<b>Akhmetova Zh.K., Abdrazakova A.U.</b> THE KAZAKHSTANI VARIANT OF THE SOVIET NATION-BUILDING PROJECT IN THE CONTEXT OF IMPERIAL LEGACY AND SOCIALIST MODERNIZATION (1920–1940).....	276
<b>Azretbergenova E.Zh., Baigarayev N.A.</b> ISSUES OF CULTURAL POLICY AND NATIONAL IDENTITY IN THE PERIOD BETWEEN THE KAZAKH AUTONOMOUS SOVIET SOCIALIST REPUBLIC AND THE KAZAKH SOVIET SOCIALIST REPUBLIC.....	288

<b>Дюсенова Н.К.</b> ТҮРІК ЗЕРТТЕУШІЛЕРІНІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АШАРШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ.....	303
<b>Есенаманова А.С., Қалыш А.Б., Исаева А.И.</b> ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ КІЛЕМ ТОҚУ ДӘСТҮРІН ЗЕРТТЕУ ТАРИХНАМАСЫ: ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МУЗЕЙЛІК ТҮРҒЫДАН ШОЛУ.....	312
<b>Сарсенбаев А.Б., Оспанов Е.Б.</b> ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ.....	325
<b>Турекеев К.Ж.</b> НАРЕЧЕНИЕ ИМЕНИ У КАРАКАЛПАКОВ НАВОЙСКОЙ И САМАРКАНДСКОЙ ОБЛАСТЕЙ: ТРАДИЦИИ И СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ.....	333
<b>Шамшетдинова Д.И.</b> УСПЕХИ И НЕДОСТАТКИ РАЗВИТИЯ СФЕРЫ БЫТОВОГО ОБСЛУЖИВАНИЯ В СЕЛЬСКОЙ МЕСТНОСТИ КАРАКАЛПАКСТАНА В 1960–80-Е гг.....	343
<b>Мұхатова О.Х., Қаипбаева А.Т., Саипова К.Д.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1920–1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ПАНАСЫЗ БАЛАЛАР ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	353
<b>Қабдолдина К.Қ., Құндақбаева Ж.Б.</b> ДІНИ ПАРЫЗ БЕН ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПТЕР АРАСЫНДА: ХІХ ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗЫЛЫҚҚА САНИТАРЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚИЫНДЫҚТАРЫ.....	367
<b>Қалишабаев А.Ж., Елеуов М.Е.</b> Т.Н. СЕНИГОВА: БАТЫС ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЭКСПЕДИЦИЯЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ (1950–1970 ЖЫЛДАР).....	378
<b>Кенжебаев Ф.Қ. Сайфулмаликова С.С.</b> БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ: ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ МӘДЕНИ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУЫНА ПӘНАРАЛЫҚ ТАЛДАУ.....	387
<b>Темирханова А.С., Альбина Абеновна Максүтова А.М., Исакаева А.М.</b> ҚАСЫМ ЕРТІСБАЕВ ТҮЛҒАСЫ ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ДІНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР КОНТЕКСІНДЕ.....	400
<b>Мухамадеева И.А., Кенжебек Д.К., Жаксыбаева А.А.</b> ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА «КАЗАХ» (1913–1918 гг.) КАК ОДИН ИЗ ИСТОЧНИКОВ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ.....	410

Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты  
Алматы қ., Шевченко көш., 28  
Тел/факс: +7 727 261 67 19  
e-mail: kazhistory@bk.ru

---